

ЖШС «Er-Asul» «Бал-Бұлақ» балабақшасы

2023-2024 оқу жылының бастапқы мониторингінің

САРАПТАМАСЫ

2023-2024 оқу жылының бастапқы мониторингі 2023 жылдың қыркүйек айының №1 хаттама негізіне сәйкес ұсынылған Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымына және 2023-2024 жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу» бөлімінің 1 қосымшасына сәйкес жасалды.

2023-2024 оқу жылының бастапқы мониторингі Мониторинг балалардың түрлі жас кезеңдерінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Тәрбиешілер мен пән мұғалімдері Стандарт талаптарына сәйкес бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына байланысты бала дамуының 3 деңгейін қарастырады:

- 1) Төмен деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) Орташа деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) Жоғары деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Мониторингтің критерийлері балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбиешілер мен пән мұғалімдері балаларды бақылау, әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, жағдаяттар тәрізді әдістер арқылы мониторинг нәтижелеріне қол жеткізеді.

- Балабақшада меңгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. Бізде бастапқы мониторинг 2023 жылдың қыркүйегінде 3 топта жүргізілді. Оның ішінде 1 кіші топ, 1 ортаңғы топ, 1 мектепалды тобы. Балабақша бойынша бала саны – 63
Осы топтардың жиынтық есебінің пайыздық қорытындысы бойынша:
- Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша жоғарғы деңгей -37%, олардың ішінде орташа деңгей-41%, олардың ішінде төмен деңгей-22%;
- Коммуникативтік дағдылар бойынша жоғарғы деңгей -32%, олардың ішінде орташа деңгей-41%, олардың ішінде төмен деңгей-27%;

- Танымдық және зияткерлік қасиеттерді дамыту бойынша жоғарғы деңгей -30%, олардың ішінде орташа деңгей-41%, олардың ішінде төмен деңгей-29%;
- Шығармашылық қасиеттерді дамыту бойынша жоғарғы деңгей -32, олардың ішінде орташа деңгей-44%., олардың ішінде төмен деңгей-24%;
- Әлеуметтік-эмоционалды қасиеттерді дамыту бойынша жоғарғы деңгей -10%, олардың ішінде орташа деңгей-45%, олардың ішінде төмен деңгей-45%

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізілді. Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары **қазан -желтоқсан** айларында жүзеге асырылып, циклограммаға енгізілу жоспарланып отыр.

Бұл мониторинг педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

Балабақша меңгерушісі:

Серікова Ж.М